

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ ЖОЛДАУЫ

Білім күні Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың кезекті Қазақстан халқына Жолдауы жарияланды. Мемлекет басшысы медицина мәселелері, шаруашылықты дамыту және зейнеткерлік жасты төмендету сияқты барлық маңызды аспектілер мен студенттердің білім алуының қолжетімділігін ерекше атап өтті. Жоғары оқу орындарында білім алу құны өсетініне байланысты, Президент сараланған гранттарды бөлуді ұсынды. Студенттердің пайымынша, 2-3% жеңілдікпен несие беру туралы тоқталып өтті.

Әсіресе, болашағымыз – балаларға мемлекеттің қамқорлығы, жан-жақты жағдай жасауы өте маңызды. Осы орайда Мемлекет басшысының «Ұлттық қор – балаларға» атты жаңа бағдарламасын халық ұлт байлығының үлесін сезінер үлкен бастама санап, үміт артып, қуана қабылдады.

Аталмыш бағдарламаның ел болашағына салынып отырған стратегиялық инвестиция екені анық. Ұлттық қор жастар арасында да қолдау тапты. Бұл тек жас қазақстандықтар үшін ғана емес, барша қазақстандықтар үшін жағымды жаңалық болды. Сондай-ақ, ең төменгі жалақы мөлшерін көтеруі – өте маңызды деп ойлаймын, себебі, тек осы бастама ғана қаншама қазақстандықтың табысын арттыруға мүмкіндік береді.

Жолдауда көпшілік қолдайтын нақты мәселелер айтылды. Президент айтқан мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісі бүгінгі заманның талабы деп білемін. Біздің назарымызды аудартқаны – жолдаудағы білім беру саласына қатысты мәселелер. Білім беру сапасын жақсартуда жақсы білікті мамансыз алға ілгерілеуді елестету мүмкін емесігі, әсіресе ауылдық жерлердегі білікті педагог кадрлардың тапшылығы. Жолдауда шалғайдағы елді мекендерге білікті жас мамандарды жұмылдыру қажеттігі баса айтылды.

Сонымен қатар білім саласындағы басты мәселенің бірі – ұстаздар жалақысының аздығы туралы мәлімдеме жасады. Күнделікті мәселелерді шешумен қатар, балалардың бәріне бірдей мүмкіндік туғызу үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет. Бауырларымыз қай жерде тұрса да, қандай тілде оқыса да сапалы білім алуы керек.

Сонымен қатар білім саласындағы басты мәселенің бірі – ұстаздар жалақысының аздығы туралы мәлімдеме жасады. Күнделікті мәселелерді шешумен қатар, балалардың бәріне бірдей мүмкіндік туғызу үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет. Бауырларымыз қай жерде тұрса да, қандай тілде оқыса да сапалы білім алуы керек.

Сонымен қатар білім саласындағы басты мәселенің бірі – ұстаздар жалақысының аздығы туралы мәлімдеме жасады. Күнделікті мәселелерді шешумен қатар, балалардың бәріне бірдей мүмкіндік туғызу үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет. Бауырларымыз қай жерде тұрса да, қандай тілде оқыса да сапалы білім алуы керек.

Президент Қ.Тоқаев қазақ елінің, Қазақстанның алдағы ауқымды кезеңдегі жаңару, жаңғыру процесіне бастамашылық жасап отыр, ал осы бастамаларды қолдап, жүзеге асыру үшін, еңбек ету әрқайсысымыздан үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Ардақ АБДУЛЛИНА,
Ы.Алтынсарин атындағы
АрқПИ доценті